




/// ПРЕЗИДЕНТ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваны қабылдады. Президентке Мәдениет және ақпарат министрлігінің атқарған жұмыстарының нәтижесі, сондай-ақ ведомствоның алдағы қызметі барысында қолданылатын перспективті тәсілдер жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ақпарат, мәдениет, креативті индустрия, азаматтық қоғам, дін, этносаралық қарым-қатынас, жастар және отбасылық-демографиялық саясат салаларында қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді.

Аида Балаева ведомствоның жетекшілік ететін салаларын дамытуға қатысты жоспарын айтты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы министрлікке мәдени-тарихи нысандардың инфрақұрылымын дамыту, шығармашылықты қолдау, Қазақстанның мәдениетін шетелде дәріптеу секілді бірқатар нақты міндет жүктелді. Бұдан бөлек, креативті индустрияны институционалдық тұрғыда қолдау және аталған саланы жедел дамыту жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

/// 15 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

АЯЛЫ АЛАҚАН



БҰҰ Бас Ассамблеясының 1993 жылдың қыркүйек айындағы резолюциясында 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні болып белгіленген болатын. Бұл бастама әлемдік қауымдастықтың қазіргі замандағы отбасының жағдайына алаңдаушылығынан туындаған еді. Сол 1994 жылдан бастап биыл отызыншы жыл әлемде «Отбасы күні» аталып өтеді.

Қызылорда қаласындағы былтыр пайдалануға берілген «Отбасы орталығы» негізінен шаңырақтың беріктігін сақтауда жас жұбайлардың қарым-қатынасын нығайтып, тәрбиедегі ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға қолдау танытады. Мәселен, ынтымақ пен жарастықты нығайту бағытында ел тарихындағы белгілі тұлғалардың үйде алған тәрбиесін, олардың ел өміріндегі алатын орнын, қоғамға сіңірген еңбегі, өнегелі өмірін отау құрған жастарға насихаттау арқылы отбасы құндылығын арттыру жұмыстары жыл бойы үздіксіз жүргізіледі. Жаңа өмірге қадам басқан жұптарға отбасы ұғымының кәдір-қасиетін, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін түсіндіре отырып, оларды өмірге даярлайды.

Өмірде кездесетін қиындықтарға төтеп беріп, қандай жағдайда болсын, шаңырақтың беріктігін сақтап қалу бағытында қажетті кеңестер ұсынылады. Бұдан бөлек, үйленуге бір ай бұрын өтініш білдірген жас жұбайлар отбасын жоспарлау мақсатында медициналық тексеруден өте алады. «Жастар денсаулығы» орталығының мамандары оларға жүктілікті жоспарлау, бедеуліктің алдын алу бойынша кеңес береді. Сонымен қатар, қазіргі күрделі мәселенің бірі жастар арасындағы жұмыссыздық екенін жасыра алмаймыз. Осы орайда жұмыссыз жастар «Отбасы орталығындағы» «Мансап» бөліміне келсе, мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына қолдау көрсетіледі.

2-бет

/// САРАП

ЖАНАРМАЙ НАРЫҒЫ: ТӘУЛІКТІК ЛИМИТ МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕ АЛА МА?

Алдағы жұмадан бастап елімізде шетел азаматтары үшін бензин мен дизель отынына жаңа бөпшек сауда бағасы енгізіледі. Мұндай өзгерістер ҚР Энергетика министрінің жанармай құнын реттейтін түзетулері нәтижесінде енгізіліп отыр.

«АИ-92» маркалы бензин мен дизель қазақстандықтарға 2023 жылдың көктемінде Үкімет белгілеген бағамен сатыла береді. Бірақ жеңіл көліктер үшін 100 литрге дейін, автобустар мен жүк көліктері үшін 300 литрге дейін шектеу қойылған. Шетелдік жүргізушілер үшін бензин қымбаттайды. Ал дизель, керісінше, 450 теңгеден 315 теңгеге дейін арзандайды.

ЖАҢА ҚАУЛЫДА ҚАРАЛҒАН ШЕКТЕУЛЕР

Сонымен, салалық министрлік қаулысына сәйкес шетел азаматтарына «АИ-80» маркалы бензинінің 1 литрі 89 теңге болмақ. «АИ-92» және «АИ-93» маркалы бензин 245 теңге. Ал Қазақстанда берілген жүргізуші куәлігі

барлар тәулігіне 100 литрге дейін, әр литрін 205 теңгеден алуына болады. Қазақстанда берілген жүргізуші куәлігін және мотоциклдерге, жеңіл, жүк, арнайы, мамандандырылған автомобильдер мен автобустарға көлік құралын тіркеу туралы куәлікті көрсеткен кезде тәулігіне 300 литрге дейінгі көлемде – 1 литрін 205 теңгеден сатып алуға болады.

2-бет



Фото: Ашық дереккөзден

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҮКІМЕТ БАЛАЛАРҒА 5,8 МЛРД ТЕҢГЕ ҚАРЖЫ БӨЛДІ

Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов қолайлы эпидемиологиялық жағдайды қамтамасыз ету және балалардың денсаулығын қорғау үшін вакциналар мен медициналық бұйымдардың қосымша көлемін сатып алуға қаражат бөлу туралы қаулыға қол қойды.

Оған сәйкес ұлттық егу күнтізбесі шеңберінде уақытында екпе салынбай қалған 18 жасқа дейінгі балаларды имундауға Үкімет резервінен 5,8 млрд теңгеден астам қаржы бөлінеді.

Денсаулық сақтау министрлігі жүргізген талдау нәтижесінде елімізде екпе алмаған 800 мыңнан астам бала анықталған. Көкжөтел, дифтерия, А және В вирусты гепатиттері, қызылша, т.б қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы толықтыра имундау жүргізіледі.

ҒАЛЫМДАРҒА БЮРОКРАТИЯЛЫҚ КЕДЕРГІ БОЛМАЙДЫ

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов өзінің Facebook парақшасында ғалымдар үшін оңтайлы жаңалықты айтты.

Ол жақында заң шығару органындағы өзі төрағалық ететін Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң жобасына берген түзетулі жұмыс тобы қабылдағанын, енді ғылыми зерттеулер жасауға қажетті тауарларды сатып алу үшін айлап, тіпті жылдап созылатын бюрократиялық кедергінің алынып тасталатынын атап өтті.

Қазір ғылымда мемлекеттік сатып алу ісі өте бюрократияланған. Ал ғылым үшін әрбір күн маңызды болғандықтан, мұндай қиындықтар зерттеуді толықтай мағынасыз етеді. Депутаттың айтуынша, енді жаңа түзетулер ғалымдарға бюрократиялық кедергі жасамайды.

ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАР ТАСҚЫННАН ЗАРДАП ШЕККЕН ӨҢІРЛЕРГЕ ҮЙ САЛЫСА АЛАДЫ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Бірге салайық!» атты жаңа жобаны іске қосты. Жұмыссыз азаматтар су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде тұрғын үй салу және инфрақұрылымды қалпына келтіруге атсалысу арқылы жұмысқа орналаса алады.

Құрылыс компаниялары ұсынатын бос жұмыс орындарын Электрондық еңбек биржасынан көруге болады. Қазіргі уақытта платформада 42 бос жұмыс орны бар.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖАҢА АТАҚ БЕРІЛМЕК

Медицина қызметкерлеріне «Кәсібі бойынша үздік» атағы берілімек. Денсаулық сақтау министрлігінің бұл атақты беруге қатысты ереже жобасы Ашық НҚА порталында жарияланды.

Атақ денсаулық сақтау саласындағы үздік жетістіктері үшін медицина қызметкерлеріне оларды ынталандыру және қолдау мақсатында 17 номинация бойынша беріледі. Медицина қызметкеріне сол номинациядағы атақ 10 жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

Ақпарат көздерінен әзірлеген
Биболат СӘТЖАН

КЕЛЕСІ САНДА

ЕЛУДЕ ДЕ КЕШ ЕМЕС
жүктілік жасы
ұзарып барады

Валюта бағамы

\$ 439,40 kzt

€ 473,54 kzt

₸ 4,76 kzt

Ауа райы

+30° +34°

+26° +28°

ӘРБІР ҚҰРЫЛЫСТА САПА МАҢЫЗДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында Жалағаш ауданы «Таң» ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық дамуы, «Қорқыт Ата» әуежайының аумағын абаттандыру мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар, жиында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы білім ошақтарының, физика-математика мектеп-ин-тернатының, теннис корты мен «Оқушылар сарайының» құрылыс барысындағы мәселелер қаралды. Аймақ басшысы құрылыстардың барлығына қойылатын басты талап – сапа мен мерзім екенін атап айтып, осы талапты бұзжылтпай орындауды тапсырды.

– Бұған дейін жұмыс сапарымен «Таң» ауылына барғанда жүзеге асырылуы керек жобаларға қатысты тапсырмалар бердім. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізінен елді мекенге кіреберіске дейін ағаш отырғызу қажет. «Таң – Жанақоныс», «Таң – Самұрат» автомобиль жолдары мен «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғыртуды пысықтаңыздар. Ауылда жарықтандырылуы тиіс көшелер бар. Жұмысты тиянақты орындап,



нысандарды мерзімінде пайдалануға беру керек. Елді мекендегі балабақша, дәрігерлік амбулатория және спорт кешені ғимараттарын арнайы эскиздік жобаға сәйкестендіруді бастау қажет. Құрылыстың сапасы аса маңызды. Қажет болса, жұмысты күнделікті бақылайтын арнайы адам бекітіңіздер.

«Қорқыт Ата» әуежайының аумағын абаттандыруды уақытылы әрі сапалы жүргізу керек.

Инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға, яғни жылу, су, электр, телефон және көріз желілерін, автожол жүргізуге жергілікті бюджеттен 4 млрд 300 млн теңге қаржы бөлінді. Ғимараттың айналасындағы жол құрылысын бақылауға алыңыздар, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, «Таң LTD» ЖШС Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, бірқатар маңызды

бастаманы іске асыруда. Алда ауыл тұрғындарына арналған екі пәтерлік 10 тұрғын үй салынады. Сондай-ақ кәсіпорын 3 өндірістік базаны іске қосып, жаңа жұмыс орындарын ашуды жоспарлауда. Қазір шаруа қожалығының иелігінде күріш ақтау зауыты мен ет өңдеу цехы бар. Күріш ақтау зауыты 5 жыл бұрын іске қосылған, тәулігіне 100 тонна өнім өңдей алады. Мұнда 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал 2019

жылы ауылдық округке қарасты «Жанақоныс» елді мекенінде «Агролидер Тан» ЖШС-ның ет өңдеу цехы ашылған. Кәсіпорын тәулігіне 0,5 тонна ет өндіріп, 15 түрлі (тұшпара, манты, қазы, әсіп және т.б.) өнім шығаруда. Мұнда 8 адам жұмыс істейді.

Серіктестіктің демеушілігімен ауылда балалар ойын алаңы мен кіші футбол алаңы салынып, жарықшамдар орнатылды. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың құрметіне «Тағзым алаңы» салынып, қазір жаңа спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Өткен жылы бір ғасыр бұрын салынған «Әбжәлі мешітінің» ғимараты жөнделді.

«Болат Өтемұратов қорының» қолдауымен салынған халықаралық талаптарға сай келетін әуежайдың жаңа терминалында ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға арналған залдар, СІР-зал, жүкті автоматты түрде беру жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, медпункт, кафе, ғибадат ету, жүк сақтау, ана мен бала бөлмелері бар. Екі қабатты ғимарат сағатына 250 адамға, төлқұжат бақылайтын 10 кабина қызмет етеді. Нысан таяуда ел игілігіне табысталмақ. Жобаға аталған қордан 16 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген.

«МӨЛДІР БҰЛАҚ» АПТАЛЫҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Сыр өңірінде Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясы шеңберіндегі «Мөлдір бұлақ» апталығы қорытындыланды.

Акцияның мақсаты – табиғатты таза ұстап, тұрғындардың экологиялық мәдениетін көтеру.

Ұйымдастырылған тазалық шаралары нәтижесінде су айдындары мен өзен-көл жағалаулары, аяқсу арықтарының бойы тазартылды. Апталыққа 20 мыңнан астам адам, мемлекеттік мекемелер мен жеке ұйым қызметкерлері, жастар және волонтерлер, тұрғындар қатысып, барлығы 245 техника жұмылдырылды.

Сырдария өзенінің жағалауы, «Ақ-құмшық» жағажайы, «Кәрібөгет» көпірі, «Лайкөл», «Қамбаш», «Жалаңаш», «Шөмішкөл», «Райым», «Тұщы», «Ірік-көл», «Қараөзек», «Әлімкөл», «Жаман-көл» көлдерінің және «Қалғандария»,

«Елтай», «Шіркейлі», т.б. су арналарының жағалауы қожастан, тұрмысты қалдықтар тазартылды.

Су айдындары мен аяқсу арықтарынан 40 тоннадан астам коқыс шығарылды.

Еске сала кетсек, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына аймақ жұртшылығын белсене қатысуға шақырған үндеуі жарияланып, санитарлық тазарту, көркейту және қогалдандыру сенбіліктері ұйымдастырылуда. Аймақтағы мұндай жұмыстар тек акция кезінде ғана емес, көктемнің алғашқы күні 1 наурыздан бастау алған болатын.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

негері Жаксыгүл Сыздыкова, 34 жастағы 7 баланың анасы Майра Мирғалиқызы жылы лебіздерін білдіріп, ажқарма тілектерін айтты.

Мерекелік шарала аналарға облыс әкімінің құттықтауы мен сыйлық табысталды. Кеш соны әдемі ән-жырға ұласты.

«СБ» ақпарат

АНАЛАР АРДАҚТАЛҒАН КҮН

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде алғаш рет Аналар күні ресми түрде бекітілді. Мереке облыста да көңінен атап өтілді.

«Анаға тағзым» орталығында өңірдің барлық аудандарынан келген 30-ға жуық алтын күрсакты аналар бас қосты. Оған облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов қатысты. – Тәуелсіз Қазақстанның толайғай та-

быстары мен Сыр өңірінің бүгінгі көл жеткен жетістіктерінде аналардың үлесі зор. Қымбатты аналар, сіздер бала тәрбиесімен қатар еліміздің дамуы жолында еңбек етіп, әрқашан иба мен ізеттің, парасат пен пайымның, мейірімділік пен ізгіліктің

ұйытқысы болып келесіздер. Қазіргі таңда облыста 141 мыңнан астам отбасы бар. Оның ішінде 48 мыңнан астамы көпбалалы аналар болса, 17 мыңға жуығы «Алтын алқа» және «Күміс алқа» негері. Бұл – біздің байлығымыз, – деді басқарма басшысы.

Өнегелі басқосуда 82 жастағы Бағыр ана, әжелер ансамблінің мүшесі Балай Есекеева, білім саласының ардагері, «Алтын алқа»

ЖАНАРМАЙ НАРЫҒЫ: ТӘУЛІКТІК ЛИМИТ МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕ АЛА МА?

Сондай-ақ қосылған күн салығын қосқанда дизель отынының бағасы шетелдік азаматтарға 315 теңге болып бекітілді. Қазақстандық жүргізушілерге тәулігіне 100 литрге дейін, 1 литрі 295 теңгеден сатылады. Ал Қазақстанда берілген жүргізуші куәлігі мен көлік құралын тіркеу туралы куәлiкті көрсеткендер тәулігіне 300 литрге дейінгі көлемде, әр литрін 295 теңгеден алуына болады.

Өзгерістер күшіне енгеннен кейін арзан бағамен жанармай құюды қалайтын қазақстандықтар тәуліктік лимитті бақылау үшін жанармай құю бекетінде жүргізуші куәлігі мен тіркеу куәлігін ұсынуы қажет.

Өз кезегінде жанармай құюшылар күнделікті лимитті бақылау үшін деректер базасына әрбір сатып алу туралы ақпаратты енгізіп отырады. Бұған дейін дизельдік отынды сатуға да осындай талаптар енгізілген болатын. Бірақ бүгінде Қазақстандағы жанармай құю бекеттерінің көпшілігінде дизель құжатсыз сатылып жатыр. Негізінен шекаралас аймақтардағы жанармай айналымы ғана қатаң бақылауға алынған.

Айта кетсек, көршілес елдерде дизельдің бағасы әлдеқайда қымбат болғандықтан, кейінгі жылдары оның шетелге көптеп жөнелтілуі елдегі жанармай құю бекеттерінде тапшылық ту-дырды. Осыған байланысты 2022 жылы министрлік дизельдің құны сатып алу көлемі мен азаматтығына қарай әр литріне 230 теңгеден 450 теңгеге дейін сараланатын арнайы қаулы да шығарған еді. Ал қазақстандық жүргізушілер жанармай құю бекеттеріндегі дизель тапшылығына жиі шағымданады.

ТАПШЫЛЫҚТЫ ТОЛЫҚ ЖОЮ МҮМКІН БЕ?

Жыл сайын тамыз-қыркүйек айларында жанар-жағармай құю бекеттерінде дизель тапшылығы туындайды. Қазақстандықтар үшін бұл да жылу маусымы алдында көмір тапшылығы болатыны сияқты үйренішті нәрсеге айналған. Оған қоса, сала басшыларының тапшылықтын себебіне қатысты жауабына да қанағаттанбайтындар көп. Мәселеге қатысты сарапшылардың пікірлері де әртүрлі.

Жалпы еліміздің мұнай өңдеу зауыттары қажетті мөлшерде

дизель өндіруде. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жеңілдік те қарастырылған. Бірақ тапшылық мәселесі толық шешілмей отыр.

Ұзақ уақыт бойы тапшылық ел ішінде жанар-жағармай өндіру деңгейінің жеткіліксіздігімен түсіндірілді. 2006-2007 жылдардан бастап елдің жанармай нарығы импортқа қатты тәуелді бола бастады. Ал 2014 жылға қарай елдің импортқа тәуелділігі бензинге ішкі сұраныстың 25%-ын, дизель отыны-на 15%-ын, авиакерсінге 27%-ын құрады.

Мәселені шешу үшін үш мұнай өңдеу зауыты жаңғыртудан өтті. Жаңғырту жұмыстары 2018 жылы аяқталып, нәтижесінде мұнай өңдеудің көлемі 20%-ға артты. Сәйкесінше, 2017 жылдан бері Қазақстанда бензин өндіру көлемі 3 миллион тонна-дан 5,3 миллион тоннаға, ал дизель жылына 4 миллион тонна-дан 5,2 миллион тоннаға дейін өсті.

Бірақ мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту мәселені шеше алған жоқ. Шаруаларға жасалған жеңілдіктер де айтарлықтай нәтиже бермеді. Агротсалаға арналған дизель қалыпты нарықтық бағамен сатылды. Тіпті, бұған тоқтау салу үшін шаруаларға арналған дизельді әртүрлі түстермен бояу секілді шаралардан да нәтиже шықпады. Дизельдің ауылшаруашылық мақсатында емес, тұрақты сатуға пайдаланылуы тоқтаған жоқ. Оған қоса, сарапшылар контрабандалық жолмен көршілес елдерге де тасымалдау үлесі жоғары екенін айтуда. Сондықтан дизель бүгінде бензиннен қымбат.

Бір қызығы, мамандардың айтуынша, дизельдің өзіндік құны танымал «АИ-92» маркалы бензиннен арзан. Бірақ тапшылық салдарынан нарықтағы бағасы одан қымбат. Тауар тапшы болса, бағасы көтеріле бастайтыны өздігінен түсінікті. Кейбір сарапшылар жағдайды елімізде орын алған қант тапшылығымен салыстырады. Қарапайым тілмен айтсақ, қант тапшы болды – лезде бағасы көтерілді. Содан кейін қайтадан дүкен сөрелері тола бастады. Бұл ретте барлық тауарларға қатысты тапшылықты Үкімет өндірістің көлемін ұлғайту арқылы емес, осы өнімнің бағасын көтеру арқылы шешеді деген пікір басым.

Ойлап қарасақ, дизельдің нарықтағы бағасы «АИ-98» бензинімен шамалас. Бірақ олардың өндірістік шығындарында үлкен айырмашылық бар. Сондықтан еліміздегі мұнай өндірушілер мен сатушылар осы айырмашылықтан пайда тауып, дизель отынының құнын жасанды түрде өсіреді деген қоғамда қалыптасқан пікір де негізсіз емес.

«Бақытты отбасы» бөлімі жас отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етудің жолын қарастырады. Бұл ретте «Отбасы банк» филиалының қызметкерлері жастарға үй алудың тиімді жолдарын ұсынып, бағыт береді. Сондай-ақ «Бақыт мекені» бөлімінде қазақы отбасының құндылығы мен ұлттық тәрбие туралы түсіндіріледі. Осындай жан-жақты жұмыстар отау құратын жастарды өз бетінше шешім қабылдауға үйретіп, болашаққа деген сенімін қалыптастырып, жаңа өмірге дайындауға септігін тигізеті сөзсіз.

– «Отбасы» орталығында «Неке кино», «Ал-тын той», «Күміс той», «Маржан той» рәсімдері өткізіледі. Сонымен қатар, «Туу туралы куәлік», «Зейнетақы кітапшасын» табыстау да салтанатты іс-шараның біріне айналып отыр. Орталық ашылғалы, яғни, өткен жылдың қыркүйек-желтоқсан айы аралығында 54, биыл жыл басынан бері 58 жұптың некесі қиылды. Алтын той рәсімі өтті.

Орталықтың қызметіне жүгініп, қажетті кеңес алған жас жұбайлардың сөзінен болашаққа деген үміт пен сенімді байқап, іштей қуанып тұрамыз. Осы мекен олардың берекелі ғұмырының алғашқы баспалдағы болса деп тілектестігімізді білдіреміз, – дейді орталық басшысының орынбасары Ұлбосын Қылышбаева.

«Отбасы орталығынан» жаңа өмірге қадам басып, заңды неке куәлігін алған жас жұбайлар, олардың ата-аналары, сондай-ақ, өмірге келген сәбиінің «Туу туралы куәлігін» алған жастар жүрежарларды алғыс-тілектерін арнайы кітапқа жазып қалдырады.

Былтыр ҚР Үкіметінің қаулысымен 12 мамыр – Аналар күні болып мерекелер тізіміне енгізілгенін білеміз. Осы мерекеге орай мұнда «Сәлем, Ана-шым...» терапиялық кеші өтті. Алғаш шымылдығын түрген «Құретамыр» отбасылық лабораториясын-да еркін форматта өткен шарала қоғам қайраткері Сәпен Аңсағат, жыршы Жұмабай Шерниязов, ардагер-ұстаз Құрбанқұл Уахитқызы бастаған «Асыл жандар» әжелер ансамблі, Райқұл Байназарова, Нұржамал Бектайқызы, Қаламқас Арыстанқызы, Орынқұл Бұрханова сынды әр салада қызмет етіп жүрген қыз-келіншектер асыл аналары жайлы сағынышқа толы естеліктерін бөлісті. Айта кетейік, терапиялық кештің шарты бойынша кеш қонақтары анасына арнап хат жазып, жүрек түкпіріндегі сырын бөлісті. Осы орайда о дүниелік анасына хат жазып, перзенттік сырын ақтарған қоғам қайраткері Сәпен Аңсағат, жыршы Жұмабай Шерниязовтың хаттары тыңдаушыларды толғанысқа жетелеп, көздеріне еріксіз жас үйірді.

Қармақшы ауданы «Ақжар» ауылының әкімі Нұржамал Бектайқызы анасының бойындағы қайсарлық пен қажырлы, шыдамдылықты әңгімесіне арқау етіп, бүгінгі өмір жолында сол тәрбиенің жемісін көріп келе жатқанын айтты. Ал режис-сер Орынқұл Бұрханова «Бұл өмірде адам қанша жетістікке жетсе де ананың бір ауыз жылы лебізіне, мейіріміне ештеңе тең келмейді» деп естеліктерін ортаға салды.

«Ғаламның сұлулары татымайды, Анамның күліп тұрған бейнесіне» деген жыр шумақтарының авто-ры Ерженіс Әбді сол сәттегі басынан кешкен хәлді баяндай отырып, анасына арнаған жырын орындап, көпшіліктің көңілін босатты. Жас ақын, «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы Айдар Сұлғау-ов ана туралы өлең жолдарын назарға ұсынды. «Сенімен болашақ» қоғамдық бірлестігі Қызылорда филиалының басшысы Шығазат Қаратайұлы ана-сына арнап жазған «Мизам шуақ» атты кітабын орталыққа сыйға тартты.

Кеште ана тақырыбында жазылған өндер шырқалып, көрермендер бір мезет әуен құшағында тербелді. Терапиялық кешке қатысқан әрбір көрерменге орталық басшысы Жанат Ашанқызы алғысын білдіріп, аналарға ақ жаулық сыйға тартты.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

1-бет

/// МЕРЕЙ



Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, қаламгер Әріс Яшүкірқызы Яшқурова 1949 жылы 6 мамырда Сырдария ауданында дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы №171 орта мектепті бітіріп, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқыған. Алматы облысының Шелек аудандық «Еңбек туы», Қызылорда облысы Сырдария ауданының «Сырдария» газетінде әдеби қызметкер, Тор-

ғай облыстық телерадиокорпорациясында комментатор, тележурналист, «Астана ақшамы» газетінде әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі, Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде бас сарапшы жауапты қызметтерін атқарды. «Айна көңіл», «Қараша қаздың қаңқылы», «Сексеуілдің шоғы», «Боямасыз өмір», «Ескі қоныстағы ел», тағы да басқа кітаптардың авторы. Ә.Яшүкірқызы бірнеше мерекелік медальмен, «Баспа және полиграфия ісінің қайраткері» құрметті белгісімен марапатталған. Біз бүгін қаламгердің туған жерге арнаған өлеңін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Сыр елім — менің жыр бағым

Есілде жүрмін Сырды ойлап
Орманым болған, бауым да,
Мұзарттай шыңым,

Сыр елім — менің жыр бағым
Тартатын ыстық бауырга.

Ауылдың жөні ол — бөтен,
Қаламен келмес теңбе тең.
Неліктен ыстық білмеймін,
Кіндік қан тамған

жер ме екен.

Кеземін ойша жайлауды,
Көбейтіп сонша ойлауды.
Белдеуінде ақ үйдің
Тұр ма деп атым байлауды.

Қақпақтай қатқан жауырын,
Көріңді-ау күткен бауырым.
Бақшаға егіп келгені
Биылғы жаздың қауынын.

Сүзіп ап сүттің қаймағын,
Дайындап балдай айранын.
«Шай әзір» дер ме жөнешем
Ағама қатып жайлап үн.

«Алла» боп жалғыз ұраны,
Алдында жайған Құраны,
Көрінсе көлік жан әкем
Мені іздеп күтіп тұрады.

Бітіріп кешкі сауынын,
Алды ма шешем дамылын.
Пілте шам сәуле шашты ма,
Келтіріп үйдің жарығын.

Үйлерді көрші жағалап,
Бәрінен түгел хабар ап,
Жүр ме екен інім шапқылып,
Ағаштан атын сабалап.

Шаң иісі кетіп даладан,
Қи иісі жетіп қоралдан.
Апекем жүр ме ошақта
Түтіндік салып жаңадан.

Масахана тігілер,
Жүгірер оған інілер.
Бірін-бірі қытықтап
Тобықтан қағып сүрінер.

Қымтай бір түсіп жаулығын,
Қара үйдің түзеп баулығын.
Намазын оқып әжем де
Шаңырақтың тілер

саулығын.

Самаурын аппақ кайнап бір,
Сексеуін шоғы жайнап тұр.
Іштегі жарық ақ сәуле
Түңліктен шығар бойлап бір.

Жайлаудың есіп самалы,
Ашылып елдің қабағы.
Бурқырап еттің иісі
Ортаға келер табағы.

Дегендей «Мынау кім еді?»,
Дәу тобет марғау үреді.
Бесікте жатқан бал сәби
Шыққылықтай бір күледі.

Дария тасып іргеден,
Тобылғы тұрар бүрлеген.
Жұпарын шашып ауаға,
Жиделер тұрар гүлдеген.

Боз үйден шығып бозбала,
Көрші үйге қарар қозғала.
Саңлауынан көрші үйдің,
Бойжеткен қарар наздана.

Толқындар соғып сағаға,
Ақ сазан шоршып жағаға,
Тұмсығын суға сүзеді
Сұңқылдап күміс шағала.

Толқынмен қайық ырғалар,
Ескегі желмен сырғанар.
Су бетінде сан сәуле
Екеудің жүзі нұрланар.

Нұр шашып Айдың қияғы,
Сыбырап майса миялы.
Қылдырып жүрген қос жастың
Алысқа кетер қиялы.

Яксарттан таныс сырларын,
Аңыз боп жеткен жырларын,
Сырдария мені сағынтар
Жыр бағы болған —

сыр бағым.

Орманым болған, бауым да,
Мұзартым болған тауым да,
Сырдариям — сыр бағым
Ыстықсың содан бауырга.

Есілде жүріп Сырды ойлап,
Әңгіме жазып, жырды ойлап.
Ұстаған қалам бір қызбын
Орманды көрсем

қырды ойлап.

БАЛА ҚАЛАУЫНЫҢ БАЙЫБЫН БІЛЕМІЗ БЕ?



Бүгінгі қоғамда балалар мен жасөспірімдер тәрбиесі өте өзекті болып отыр. Оның бір себебі, ата-ана тәрбиесінің жетіспеуі десек, екінші себебі, әр баланың қолындағы смартфондардан тарап жатқан қажетсіз ақпараттардың салдары деп топшылаймыз. Алайда мектеп оқушыларының күнделікті оқу тапсырмасына сәйкес іздену барысында ғаламтор көмегін пайдаланбауы мүмкін емес. Бұл жердегі мән беретін мәселе — баланың ақпаратты қабылдауда жас ерекшелігіне сай талғамын қалыптастырып, қауіпті ақпараттардан қорғай білу.

Бұл орайда оқушының мінез-құлқындағы өзгерісті тұрақты қадағалап, қажет болған жағдайда олармен жұмыс жүргізу мектеп психологтарының міндеті. Кезекті психобатымызда №268 мектеп-лицейдің педагог-психологы, республикалық «Ең үздік жыл психологі» байқауының жеңімпазы Жадыра Мәлісбайдың жұмысынан сыр тартқан едік.

— Сөзіміздің басында «балалар мен жасөспірімдер тәрбиесінде ең басты талап қандай?» деген сауалға жауап іздеп көрсек...

— Бүгінгі ұрпақ — еліміздің болашағы. Біздің алға қойған мақсатымыз — қазіргі қоғам мұратына сай жан-жақты қабілетті тұлға өсіру. Басты ұстаным — бала бойына рухани құндылықты сіңіру. Сол арқылы жас ұрпақты туған жерін, Отанын сүйуге тәрбиелеу.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы — еңбек пен ата-ана үлгісі» деп ұлы ұстаз Ы.Алтынсарин айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай аламды қалыптастыру баланың өмірге келген сәтінен басталу керек. Балаларымыз өз ойын бүкілсіз жеткізе алатындай болып жетілуі үшін ата-ана бала алдында шынышыл болуы керек деп ойлаймын. Өмір болған соң, ақ пен қарасы бірге жүретіні белгілі. Мысалы, отбасында осындай жайсыздықтар орын алған кезде мәселені қайтаймын емес, ақылмен шешуге тырысқанымыз жөн. Бала тәрбиесі үздіксіз және тыңғылықты жұмысты талап ететіні ақиқат.

Осы орайда әр ата-ана балаға берілетін тәрбиені тек осы күннің ғана емес, келешектің жемісі деп қабылдаса, ол баладан адамгершілігі мол, мықты азамат қалыптасары сөзсіз.

— Мектеп психологтары қандай іс-шараларды жүзеге асырады?

— Психологиялық қызметтің мақсаты — білім алушыларды оқытумен қатар дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыруда психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған. Жалпы психологиялық қызмет бес бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші. Диагностика — оқушының мектепке дайындығын зерттеу мақсатында «Керн-Иирасек» тесті, бесінші сынып оқушыларының орта бұлағы бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеуге арналған «Менің сыныбым» әдістемесі, жасөспірімдердің психикалық саулығын бағалау мақсатында 7-11 сыныптарға «DASS» шкаласы, 5-6 сыныптарға HCB -10 тесті, эссе және т.б. диагностикалық жұмыстар.

Екінші. Түзету-дамыту — «Мектептегі жаңа оқушы», «Емтихан кезіндегі стресстен қалай арйыламыз?», «Мен таңдаған жол», «ҰБТ — болашаққа басты қадам», «Достық татулықтан басталады», «Мен және менің өмірім», «Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас» және т.б. тақырыптарда оқушы, ата-ана, педагогтермен тренинг, сабақтар.

Үшінші. Профилактика және психологиялық ағарту — «Балалар үшін бірігейік», «Менің психологиялық денсаулығым», «Репродуктивті саулық. Оны сақтау дағдылары», «Stop bullying: бәрі сенің қолыңда!», «Құқықбұзушылықтың алдын алу: интернет қауіпсіздігі, зорлық-зомбылық», «Тәрбие үлесті: ата-ана, мектеп, оқушы» сияқты тақырыптарда ата-аналар, сынып жетекшілері, педагогтер мен оқушыларды ақпараттандыру және салааралық жұмыстарды жүргізеді.

Төртінші. Кеңес беру — жалпы барлық жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша сұхбат жүргізу, сұхбат барысында «тәуекел тобы», «психологиялық қолдау тобы», «бақылау тобы» бойынша анықталған оқушылардың ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы мамандарға жолдау, сұраныс (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру жұмыстары жүзеге асырылады.

Бесінші. Ұйымдастыру — әдістемелік-психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу, ата-аналар жиналысы, психологиялық қызмет отырысын үйлестіру және т.б. жұмыстар жүргізіледі.

— Жасөспірімдер үшін өтпелі кезеңнің өзіндік әсері бар. Баланың түр-тұлғасымен қар-

тар, мінез-құлқы да өзгеріске ұшырайды. Осындай кезде олармен қандай жұмыстар жүргізіледі?

— Иә, расында, бұл уақытта балаларға әдеттегіден көбірек көңіл бөліп, қолдау танытуымыз қажет. Осы кезеңде бала-да көңіл-күйінің жиі өзгеруі, мазасыздану, зейінінің нашар

шығуына байланысты ата-ананың қолдауы маңызды екенін айтқым келеді. Бұл — өз тәжірибемнен түйенім. Дәл осы шақта балаға сыртқы ортадан гөрі отбасының, яғни жақын жандарының қолдауы қажет. Сондықтан баланы кішкентай кезінен бастап «сен мықтысың, қолыңнан келеді» деп оған сенім арта отырып, өз ойын анық жеткізуіне мүмкіндік беру керек. Балаға отбасында оның өзіндік ерекше орны бар екенін сөздіру аса маңызды.

— Бала тәрбиесіне отбасылық жағдайының қаншалықты әсері бар? Айталық, толық немесе толық емес отбасы дейміз, яғни баланың өсіп, қалыптасуына отбасының әлеуметтік деңгейі әсер етуі мүмкін бе?

— Ең әуелі мән беретін жағдай, ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне әсері зор. Біздің бір әдетіміз баламыз тілімізді алмай, көңілімізді қалдырса, «Анау өзін секілді Пәленшенің баласын қарашы, қандай ақылды» деп өзге балалармен салыстыра кетеміз. Жұрттың баласы шынымен де ақылды шығар. Бірақ ол біздің баламыз емес қой. Біздің баламыз алдымызда отыр. Бұл сөзіңіздің баланыңға қалай әсер ететінін білесіз бе?! Ол жағын ойлана бермейміз. Мысалы, әлгі сөздерді естіген баланың бізді қазір өзін ең ақылсыз, ең жаман бала ретінде сезініп отыр. Бала санасында «ата-анам маған разы емес», «мен нашармын», «мен ондай бола алмаймын» деген ойлар қалыптасып үлгереді. Сондықтан баламен ашық сөйлесіп, оған сенім артып, жастайынан жауапкершілікке тәрбиелей білген дұрыс. Сол секілді отбасындағы келіспеу-

шілік пен ұрыс-керіс те мейлінше баланың көзінше болмағаны дұрыс. Жалпы ата-ананың қай-қайсысы болса да, балаларының қабілетті, талантты болып өсіп, басқа балалардан кем емес, қайта артық болып өсейтінін қалайды. Сол үшін кейде баланың бар айтқанын екі етпей, тым еркелетіп, еркіне жіберіп алатын жағдайлар да кездеседі. Осындай олқылыққа бой алдырмауымыз қажет. Өйткені тым еркіндікте өскен бала, ересек өмірге қадам басқанда қателіктерге бой алдырып жатады.

Алайда әрбір ата-ана «балам жақсы адам болса екен» деп армандауы керек. Өзге балалармен салыстырудың қажеті жоқ. Өйткені әр баланың өз жолы, өз таңдауы бар. Баланың болашағын ойласақ, оның қалауымен де санаса білгеніміз жөн. Өйткенмен, көп ата-ана жұмысбасты болып, балаларымен сырласуға уақыты жоқ. Тағы бір мәселе, бала ержетіп, мамандық таңдауға келгенде, ата-ана оны өз айтқанымен жүргізіп, бұйрығына бағынышты еткісі келеді. Ал әділдігін айттар болсақ, әр баланың алды-

шығуына, агрессия, тіл алмау, дөрекілік таныту сияқты өзгерістер жиі байқалады. Бұл проблеманың барлығы осы жас кезеңінде өтетін психо-физиологиялық өзгерістер, жыныстық жетілу процесімен тікелей байланысты болады. Сол себепті баланың өз ортасында көзқарасы өзгеріп, түсініспеушілікті туындай бастайды. Осы кездегі олардың бар мәселесі ішкі және сыртқы өзгерістерге байланысты болғандықтан, мектеп педагог-психологтары балалармен дос, сырлас ретінде үнемі қолдау көрсетіп, қызығушылығына аса мән береді. Оқушының ішкі жан дүниесіне үніліп, кеңес беру, түзету-дамыту, профилактика және психологиялық ағарту бағытында оқушы, ата-ана, педагогтер бірлесіп, әр тараптан қолдау жұмыстарын жүргізеді.

Осы сұхбатты пайдалана отырып, баланың өтпелі кезеңде аман-есен, өз күш-жігерімен дағдарысты жеңіп шығуы үшін ата-ананың қолдауы маңызды екенін айтқым келеді. Бұл — өз тәжірибемнен түйенім. Дәл

осы шақта балаға сыртқы ортадан гөрі отбасының, яғни жақын жандарының қолдауы қажет. Сондықтан баланы кішкентай кезінен бастап «сен мықтысың, қолыңнан келеді» деп оған сенім арта отырып, өз ойын анық жеткізуіне мүмкіндік беру керек. Балаға отбасында оның өзіндік ерекше орны бар екенін сөздіру аса маңызды.

— Бала тәрбиесіне отбасылық жағдайының қаншалықты әсері бар? Айталық, толық немесе толық емес отбасы дейміз, яғни баланың өсіп, қалыптасуына отбасының әлеуметтік деңгейі әсер етуі мүмкін бе?

— Ең әуелі мән беретін жағдай, ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне әсері зор. Біздің бір әдетіміз баламыз тілімізді алмай, көңілімізді қалдырса, «Анау өзін секілді Пәленшенің баласын қарашы, қандай ақылды» деп өзге балалармен салыстыра кетеміз. Жұрттың баласы шынымен де ақылды шығар. Бірақ ол біздің баламыз емес қой. Біздің баламыз алдымызда отыр. Бұл сөзіңіздің баланыңға қалай әсер ететінін білесіз бе?! Ол жағын ойлана бермейміз. Мысалы, әлгі сөздерді естіген баланың бізді қазір өзін ең ақылсыз, ең жаман бала ретінде сезініп отыр. Бала санасында «ата-анам маған разы емес», «мен нашармын», «мен ондай бола алмаймын» деген ойлар қалыптасып үлгерді. Сондықтан баламен ашық сөйлесіп, оған сенім артып, жастайынан жауапкершілікке тәрбиелей білген дұрыс. Сол секілді отбасындағы келіспеу-

шілік пен ұрыс-керіс те мейлінше баланың көзінше болмағаны дұрыс. Жалпы ата-ананың қай-қайсысы болса да, балаларының қабілетті, талантты болып өсіп, басқа балалардан кем емес, қайта артық болып өсейтінін қалайды. Сол үшін кейде баланың бар айтқанын екі етпей, тым еркелетіп, еркіне жіберіп алатын жағдайлар да кездеседі. Осындай олқылыққа бой алдырмауымыз қажет. Өйткені тым еркіндікте өскен бала, ересек өмірге қадам басқанда қателіктерге бой алдырып жатады.

Алайда әрбір ата-ана «балам жақсы адам болса екен» деп армандауы керек. Өзге балалармен салыстырудың қажеті жоқ. Өйткені әр баланың өз жолы, өз таңдауы бар. Баланың болашағын ойласақ, оның қалауымен де санаса білгеніміз жөн. Өйткенмен, көп ата-ана жұмысбасты болып, балаларымен сырласуға уақыты жоқ. Тағы бір мәселе, бала ержетіп, мамандық таңдауға келгенде, ата-ана оны өз айтқанымен жүргізіп, бұйрығына бағынышты еткісі келеді. Ал әділдігін айттар болсақ, әр баланың алды-

шығуына, агрессия, тіл алмау, дөрекілік таныту сияқты өзгерістер жиі байқалады. Бұл проблеманың барлығы осы жас кезеңінде өтетін психо-физиологиялық өзгерістер, жыныстық жетілу процесімен тікелей байланысты болады. Сол себепті баланың өз ортасында көзқарасы өзгеріп, түсініспеушілікті туындай бастайды. Осы кездегі олардың бар мәселесі ішкі және сыртқы өзгерістерге байланысты болғандықтан, мектеп педагог-психологтары балалармен дос, сырлас ретінде үнемі қолдау көрсетіп, қызығушылығына аса мән береді. Оқушының ішкі жан дүниесіне үніліп, кеңес беру, түзету-дамыту, профилактика және психологиялық ағарту бағытында оқушы, ата-ана, педагогтер бірлесіп, әр тараптан қолдау жұмыстарын жүргізеді.

Осы сұхбатты пайдалана отырып, баланың өтпелі кезеңде аман-есен, өз күш-жігерімен дағдарысты жеңіп шығуы үшін ата-ананың қолдауы маңызды екенін айтқым келеді. Бұл — өз тәжірибемнен түйенім. Дәл

осы шақта балаға сыртқы ортадан гөрі отбасының, яғни жақын жандарының қолдауы қажет. Сондықтан баланы кішкентай кезінен бастап «сен мықтысың, қолыңнан келеді» деп оған сенім арта отырып, өз ойын анық жеткізуіне мүмкіндік беру керек. Балаға отбасында оның өзіндік ерекше орны бар екенін сөздіру аса маңызды.

— Бала тәрбиесіне отбасылық жағдайының қаншалықты әсері бар? Айталық, толық немесе толық емес отбасы дейміз, яғни баланың өсіп, қалыптасуына отбасының әлеуметтік деңгейі әсер етуі мүмкін бе?

— Ең әуелі мән беретін жағдай, ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне әсері зор. Біздің бір әдетіміз баламыз тілімізді алмай, көңілімізді қалдырса, «Анау өзін секілді Пәленшенің баласын қарашы, қандай ақылды» деп өзге балалармен салыстыра кетеміз. Жұрттың баласы шынымен де ақылды шығар. Бірақ ол біздің баламыз емес қой. Біздің баламыз алдымызда отыр. Бұл сөзіңіздің баланыңға қалай әсер ететінін білесіз бе?! Ол жағын ойлана бермейміз. Мысалы, әлгі сөздерді естіген баланың бізді қазір өзін ең ақылсыз, ең жаман бала ретінде сезініп отыр. Бала санасында «ата-анам маған разы емес», «мен нашармын», «мен ондай бола алмаймын» деген ойлар қалыптасып үлгерді. Сондықтан баламен ашық сөйлесіп, оған сенім артып, жастайынан жауапкершілікке тәрбиелей білген дұрыс. Сол секілді отбасындағы келіспеу-

шілік пен ұрыс-керіс те мейлінше баланың көзінше болмағаны дұрыс. Жалпы ата-ананың қай-қайсысы болса да, балаларының қабілетті, талантты болып өсіп, басқа балалардан кем емес, қайта артық болып өсейтінін қалайды. Сол үшін кейде баланың бар айтқанын екі етпей, тым еркелетіп, еркіне жіберіп алатын жағдайлар да кездеседі. Осындай олқылыққа бой алдырмауымыз қажет. Өйткені тым еркіндікте өскен бала, ересек өмірге қадам басқанда қателіктерге бой алдырып жатады.

Алайда әрбір ата-ана «балам жақсы адам болса екен» деп армандауы керек. Өзге балалармен салыстырудың қажеті жоқ. Өйткені әр баланың өз жолы, өз таңдауы бар. Баланың болашағын ойласақ, оның қалауымен де санаса білгеніміз жөн. Өйткенмен, көп ата-ана жұмысбасты болып, балаларымен сырласуға уақыты жоқ. Тағы бір мәселе, бала ержетіп, мамандық таңдауға келгенде, ата-ана оны өз айтқанымен жүргізіп, бұйрығына бағынышты еткісі келеді. Ал әділдігін айттар болсақ, әр баланың алды-

шығуына, агрессия, тіл алмау, дөрекілік таныту сияқты өзгерістер жиі байқалады. Бұл проблеманың барлығы осы жас кезеңінде өтетін психо-физиологиялық өзгерістер, жыныстық жетілу процесімен тікелей байланысты болады. Сол себепті баланың өз ортасында көзқарасы өзгеріп, түсініспеушілікті туындай бастайды. Осы кездегі олардың бар мәселесі ішкі және сыртқы өзгерістерге байланысты болғандықтан, мектеп педагог-психологтары балалармен дос, сырлас ретінде үнемі қолдау көрсетіп, қызығушылығына аса мән береді. Оқушының ішкі жан дүниесіне үніліп, кеңес беру, түзету-дамыту, профилактика және психологиялық ағарту бағытында оқушы, ата-ана, педагогтер бірлесіп, әр тараптан қолдау жұмыстарын жүргізеді.

Осы сұхбатты пайдалана отырып, баланың өтпелі кезеңде аман-есен, өз күш-жігерімен дағдарысты жеңіп шығуы үшін ата-ананың қолдауы маңызды екенін айтқым келеді. Бұл — өз тәжірибемнен түйенім. Дәл

на қойған арман-мақсаты бар. Сондықтан олардың қалауымен санаса отырып, ортақ шешімге келген дұрыс деп ойлаймын.

— Ата-ана бақылауынан тыс қалған балаларды қалай анықтаймыз?

— Ата-ана назарынан тыс қалған кезде жасөспірімдер өз бетімен, дәлірек айтқанда ғаламтор арқылы өмір сүруге дағдыланып, жаһандық «тордың» тұтқынына айналады. Олардың басты тәрбиелеуші құралы — ұялы телефондары. Сырласы да, мұңдасы да — сол. Қазір ата-ананың бар ойлайтыны — баласын ешкімнен кем қылмай өсіру, сол үшін тынбай еңбек етеді. Жасыратыны жоқ, қазіргі заманда көп отбасының күнкөріс деңгейі қиындап кетті. Ата-ана ертерден кешке дейін жұмыста жүреді. Осылайша отбасын асырап, балаларына тамақ тауып берер, алайда балаларымен сырласу, оларға уақыттын бөлу, не істеп, не қойғанынан хабардар болуды ескере бермейді. Міне, бұл — басты проблема. Жас кезінен бастап жасөспірімдердің бұзақылық әрекеттерге баруы, қарасыз қалуы, барлық іштегі сырын айтып, «жалғыз» қалуынан депрессияға ұшырап, булинг пен кибербулингтің кесірі... тізе берсем, жалағаса беретін ұзақ тізбек. Осындай жағдайда олардың әлеуметтік желі арқылы танысып, бұрын-соңды түрін көріп-білмеген, жасынан да жынысынан да бейхабар «достар» табатынын қайтсеріз. Ондай онлайн достық бір ермек үшін әңгіме-дүкен құрса, енді бірі арам оймен баланың сеніміне кіруге тырысады. Біз мойындай бермейтін бүгінгі шындықтың бірі — осы.

— Баланың немесе жасөспірімнің психикасын қалыптастыруда өзінің жүргізген жұмыстардың нәтижесі туралы айтсаңыз...

— Жоғарыда айттып өткен бес бағыт бойынша атқарған жұмыстарымыз өз нәтижесін береді. Атап айтқанда, бала ортадан оқшауланбай, қатарымен бір жүреді. Сабағына да, мектепшілік қоғамдық іс-шараларға да жауапкершілікпен қатысады. Әсіресе, мінезі тым түйік балалар қоғамдық ортаға араласу арқылы ашыла түседі. Бойында қандай да бір өнері, таланты болса, әрі қарай шыңдалуына да ықпалы зор.

Кейбір баланың оқу үлгерімі жақсы, сонымен қатар мінезі қызуқанды болып келеді. Демек бұл балалардың бойы энергияға толы, оларды бейімділігіне сай түрлі үйірмелерге тартып, спорттық шараларға баулыған жөн.

Педагог-психологтар жұмысының сапасын көтеруге байланысты түрлі байқаулар, тәжірибе алмасуға арналған тренингтер жүйелі түрде ұйымдастырылып отырады. Бүгінге дейін қалалық, облыстық, республикалық деңгейде өткен байқауларда үздік атандым. Бұдан бөлек, байқауларға дайындалған оқушыларым да жүлделі орындарды жеңіп алды.

Жалпы педагог-психологтардың жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізіледі, сондай-ақ әрбір жұмысымыз нәтижеге бағытталған. Өйткені ұрпақтың психикалық саулығы талбесіктен берілген тәрбие арқылы қалыптасады.

Сұхбаттасқан
Ғазиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы»



Фото: Аппак перекешев

ҚАЗАНАМА



ГЕОЛОГ МАМАНДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Геолог мамандарының қажырлы еңбегінің арқасында жер қойнауындағы пайдалы қазбалар адамзаттың игілігіне жарап, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне қызмет етуде. «Торғай-Петролеум» акционерлік қоғамының келісім-шарттық аумағы – «Құмкөл» кен орнында биыл ерекше сән-салтанатымен аталып өткен Геологтардың кәсіби мерекесі мұнайшылар қауымының арасында бұл күннің маңызы жоғары екенін тағы бір көрсетті.

Айтулы шара ең алдымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» бастамасын қолдау мақсатында сенбілікпен бастау алды. Кен орнында қызмет ететін 80-ге жуық жұмысшы оның аумағын күл-қоқыстан тазартып, акцияға белсене атсалысты. Артынша шараға арнайы келген құрметті қонақтар мен компания жұмысшылары әкімшілік-тұрмыстық корпус алдында, бірқатар ғимараттар мен тұрғын жайлар жанында үйенкі, жиде, тұт, шырша, терек, сексеуіл, кара ағаш секілді барлығы 120 дана көшет екті.

Мұнан кейінгі іс-шарада «Оңтүстік қазжерқойнауы» Оңтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті» Қызылорда өңірлік инспекциясының басшысы Еркін Асқар, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциясының Оңтүстік өңіра-



лық басқармасы басшысының орын-басары Қуаныш Рахманбаев, «Аманат» партиясы Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы Гүлшат Мұсаева сөз алып, геологтарды кәсіби мерекесімен құттықтады. Еліміздің геология саласының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін компанияда осы салада еңбек ететін мамандарға министрліктің, Геология комитетінің ведомствалық наградалары мен облыс әкімінің Алғыс хаттары табыс етілді.

– Геологтар күні кәсіби мерекесі сәуір айының алғашқы жексенбісінде аталып өтілетіні белгілі. Биыл бұл мерекені тойлауды еліміздің 10 өңірінде орын алған су тасқынына байланысты кейінге шегеру туралы шешім қабылданған болатын. Елдегі күрделі жағдайға байланысты Президент арнайы Үндеу жолдап, «Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді» деген болатын. Дана халқымыз «Апат айтып келмейді» дейді. Мұндайда ел болып бірігіп, қиындықты еңсеру міндет. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» демекші, Сыр өңірі мұнайшылары да

елмен бірге екенін көрсетіп, «Торғай-Петролеум» акционерлік қоғамы 50 млн теңгеден аса көлемде гуманитарлық көмек берді. Мұның бәрінде осы компанияда еңбек ететін азаматтардың үлесі бар. Ең алдымен, азаматтық және елжандылық ұстанымдарыңыз үшін баршаңызға алғыс білдіремін. Екіншіден, компанияның геология саласында еңбек ететін кәсіби мамандардың арқасында жаңадан мұнай ұңғымалары іске қосылып, «қара алтын» ел игілігіне жаратылуда. Жалпы алғанда, геология қызметі – кез келген мұнай компаниясының негізгі құретамыры, соғып тұрған жүрегі іспетті, – деді «Торғай-Петролеум» АҚ бас директоры, техника ғылымдарының кандидаты Дәурен Әбілхайров.

Салтанатты шара «Аманат» партиясы Қызылорда қалалық филиалымен бірлесіп компания қызметкерлері арасында ұйымдастырылған волейболдан ашық турнирге ұласты. Барлығы 5 команда бәс сынаған турнирде «Тарлан» командасы жеңіске жетсе, «Бразилия» және «Сұңқар» командалары ІІ және ІІІ орынға ие болды. Ал «Алға» және «Бағдаттың бандалары» командалары ынталандыру сыйлықтарын алды. Асқар Лиясов «Үздік ойыншы», Абылайхан Амангелді «Үздік шабуылшы», Олжас Есназаров «Үздік қорғаушы», Айбек Абызбай «Үздік либеро», Болат Бакиров «Үздік үйлестіруші» атады. Турнирге қатысқан 34 ойыншыға арнайы марапат табысталды. Бұдан бөлек, турнирді ұйымдастыруға атсалысқан қызметкерлер мен оған төрелік еткен волейболдан жоғары дәрежелі жаттықтырушылар Дінислам Әділқожа мен Мейрамбек Өміртайға да құрмет көрсетілді. Жеңімпаз командалар мен барлық қатысушыларға қаржылай сыйлықтар табыс етілді.

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ

/// МҮШӘЙРА

ЖЫР АРҚАУЫ – ӘЛМЕРЕК

Алматы облысы Ұйғыр ауданында Әлмерек Жаншықұлының туғанына 365 жыл толуына орай «Әлмерек Жаншықұлы және оның өнегесі» атты республикалық жыр мүшәйрасы өтті.



Тарихи тұлғаның өмірі мен өнегесін ұлықтауға арналған жыр жәрмеңкесінде 60-қа жуық ақын бәс сынады. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Ғалым Жайлыбай төрағалық еткен өнер додасына жерлестеріміз Толыбай Абылаев пен Достық Тілеубергенов қатысып, жүлдегер атанды.

Әлмерек Жаншықұлы жаугершілік заманда қол бастаған батыр, әділдігімен танылған би болыпты. Ат үстінде ғұмыр кешкен езиз бабаның ғибратты өмірі өшпес өнеге.

Мерейтой аясында ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылып, «Әлмерек» атты сонымен қатар би әрі батыр бабаның еселі ескерткіші бой көтерді.

Жерлестерімізді өлең өлкесіндегі жеңісімен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз.

«СБ» ақпарат

/// КЕШ

БАЛА ТІЛІН ТАПҚАН АҚЫН

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында саналы ғұмырын Сыр өңірінің педагогика саласын дамытуға жұмсаған ұстаз, ғалым, балалар ақыны Рахат Наурызбаеваның 80 жас мерейтойына орай шығармашылық кеші өтті.



Кешті облыстық кітапхананың басшысы Нұрлыбек Мынжас ашып, құттықтау сөз сөйледі.

– Балалар әдебиеті – қазақ әдебиетінің болашағы. Бүгінгі ертегі тыңдап, өлең-тапнақ жаттап өскен балдырған ертеңгі ел тұтқасын берік ұстайтын азаматқа айналады. Осы орайда Сыр өңіріндегі балалар әдебиетінің жүгін көтеріп, өлшеусіз қызмет атқарып жүрген Рахат Наурызбаеваның еңбегін еле-месе болмайды. Ақындығымен қатар ұстаздық қызмет атқарып, педагогика саласының майталманына айналған ол облыстың бірқатар мектептерінде, аймақтағы арнаулы және жоғары оқу орындарында жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, балаларға арналған түрлі жыр жинақтарын жазған, – деді ол.

Рахат Наурызбаева 1944 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген, 56 жыл білім саласында еңбек етті. 2009 жылы Қазан университетінде педагогика ғылымдарының докторы атағын қорғап, 4 монография, 5 жыр жинағы мен 10 оқу-әдістемелік құрал және радиобағдарлардың авторы атанды. Балаларға арнап «Бастау», «Ақ қозы», «Сергек Серік» атты жыр жинақтарын, «Үй ішімізбен қазақша үйренейік» оқу құралын және 100-ден аса ән жазған. ҚР

Білім министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі, Ресейдің Халықаралық Бейбітшілік және келісім қорының «Білім берудегі еңбегі үшін» медалімен иегері.

Жиында сөз алған Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының жетекшісі Қаршыға Есімсейітова ақынның қазақ әдебиеті тарихында балалар ақыны болып қалатынына, оның жас ұрпақты білімге, еңбекке, имандылыққа баулыған өлеңдерінің өміршеңдігіне назар аударды. Ал ардагер-ұстаз Ділдахан Торғаева ақынның қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар екенін тілге тиек етті.

Ақынның ауыз толтырып айтарлықтай тағы бір жетістігі – жергілікті композиторлармен шығармашылық байланыс орна-тып, жүзге жуық әнге мәтін жазуы. Оған шығармашылық кешке жиналған көрермен куә болды. Өнерін ортаға салған кішкентай балдырғандар ақынның білімге, еңбекке, имандылыққа баулыған өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Қойылым қойып, ақын өлеңдеріне жазылған әнді де шықарды. Іс-шара соңында кеш иесі жиналған қауымға ризашылығын білдіріп, оқырмандарымен естелік суретке түсті.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

/// МЕЙІРІМ

АНА МАХАББАТЫНЫҢ ҚҰДІРЕТІ



Фото: Аиша Ержанов

Бүйрек 24 сағатта адам бойындағы қанды сүзгіден өткізеді. Осылайша ағзаны тазалап, қалдықтарды несеппен бірге шығарады, қан қысымын реттейді. Оның қызметі бұзылса басқа ағзалардың жұмысы баяуласа керек.

Ғаламторды ашып қалсаңыз, бүйрек саудасынан көз сүрінеді. Қазір нарықта бағасы 160 000 АҚШ доллары көрінеді. Бізбен көршілес Ниятқалиев көшесіндегі үйде Болат, Жанна атты ерлі-зайыптылар тұратын еді. Жуырда ұлы Нұрболдың кенет сырқаттанып қалған хабары жетті. Университет бітірген, Алматыдағы бір колледжде оқытушы болып орналасқанына көп болмаған ұлының бір бүйрегі істемей қалып, ауруханада жатқан суыт хабары оларға төбеден жай түскендей болды.

Не істеу керек? Ерлі-зайыптылар екеуі бірдей суыт Алматыға аттанды. Ауруханада жатқан ұлының жүдеу тартқан жанары ерлі-зайыптылардың көз жасын төгіткендей еді. Дәрігерлер ұлының бір бүйрегін шұғыл ауыстыру қажеттігін ескертіп, әке мен ананың көңілін күйзеліске түсірді.

– Мен бүйрегімді беруге әзірмін! – деді әкесі Болат. Дерек анализ тапсырды. Қан топтары сәйкес болмай шықты. Анасы Жанна бір бүйрегін беруге шешім қабылдады. Анализ тапсырғанда қан топтары дәлме-дәл келді. Сонымен ана бүйрегі ұлына салынды.

Бұл операцияны Алматыдағы А.Сызғанов атындағы хирургия орталығының профессоры Болатбек Баймаханов пен ассистент Ислам Құрбанұлы жасаған еді. Операция сәтті шықты.

Жуырда Жеңіс күні қарсаңында жұмысына қайта оралған Нұрбол Қызылордадағы ата-анасының шаңырағына келіп, аурудан айғып, қатарға қосылғанын көрші-қолаңға қуана жеткізді. Ата-анасы қуанышын толғаныспен әнгімелеп берді.

Шіркін, ана махаббатының құдіреті ғой, ажал құрсауынан ұлы Нұрболды алып шықты. Ерлі-зайыптылар Қызылорда телерадио орталығында қызмет істейді. Енді бірер жылдан соң екеуі де зейнетке шығып, ұлының отау құрған қуанышты сәттерін асыға күтіп жүр.

Қайыр ҚОРАСАНИ



«Қайсар» «Астанамен» тең түсті

Қызылордалық «Қайсар» футболдан ел біріншілігінде төрт тур бойы жеңілістің ащы дәмін татқан жоқ. Оның біреуінде жеңіске жетсе, үшеуінде тең нәтижеге қанағат білдірді.

Жерлестеріміз өткен турда Алматының «Қайраты» 1:0 есебімен жеңсе, бұл жолы елордалық «Астанамен» 1:1 есебімен тең ойнады. Екі команда құрамында тәжірибелі футболшылар жиналған. Сондықтан қызылордалық футболшылар үшін әрбір кездесудің оңайға соқпағаны анық.

Елордалық команда Алматы қаласында Қызылорданың «Қайсар» командасын қабылдады. Биыл «Астана» ішкі біріншіліктегі кейінгі кездесулерін алақұла өткізіп жүр. Соның салдарынан турнир кестесіндегі жағдайын біршама қиындатып алды. Биыл бас жүлдеге қол созғанды деген үмітпен тәжірибелі футболшыларды қатарға қосқан ұжым үшін енді әрбір кездесуде үш ұпайға қол жеткізу өте маңызды екені анық.

Алғашқы минуттан тізгінді қолға алуға тырысқан елордалық клуб қатарынан бірнеше шабуыл ұйымдастырды. Алайда олар бірінші кезеңде діттеген

мақсатына жеткен жоқ. Таблодағы есеп өзгеріссіз қалды.

Екінші таймда елордалық шабуылшы Марин Томасов 57-минутта өз мүмкіндігін мүлтік жібермеді. Оған 93-минутта «Қайсар» сапынан Валерий Громыко жауап қайырды.

Жерлестеріміз алдағы ойынның 18 мамырда өз алаңында Астананың «Жеңіс» командасына қарсы өткізеді.

Білікті бапкерді еске алды

Сырдария ауданында қоғалдағы хоккейден республикалық жарыс мәресіне жетті. Дүбірлі дода аймақта аталған спорттың дамуына зор үлес қосқан ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Сұлтан Қобландинді еске алуға арналды.

Ұлдар арасында Шымкент қаласының командасы жеңімпаз атанса, одан кейінгі орындарды Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстарынан келген спортшылар өзара бөлесті. Қызылордалық қорғаушы Мейіржан Садукас, сырдариялық қорғаушы және шабуылшы Мысыр Серікбай мен Әділет Оңғарбаев арнайы номинациямен марапатталды.

Ал қыздар арасында Батыс Қазақстан, Жамбыл, Түркістан облыстары жеңімпаз және жүлдегерлер қатарынан көрінді. Шымкенттік қорғаушы Нұрай Қазбек, қызылордалық қақпашы Ұлдана Қажденбекова, сырдариялық шабуылшы Ақерке Бектібаева үздік деп бағаланды.

«СБ» ақпарат

ӘБІГЕРГЕ САЛҒАН ӘЗІЛ (Мысалдай мысал)

Со-нау-у ерте заманда, ай мен күн аманда, елең-алаңда Қалампыр деген көрікті келіншекке бөрікті біреу әзіл сөз айтты. Келіншек әзіл сөздің астарын жете түсінбей жекіріп, аузынан «ақ көбік көптіріп», бөріктің «біраз жерге жеткізіп салыпты». Сонда көріктіге көңіл қалған бөрікті кісі:

Қалампырым «бүркіп» кетті,
Денем шошып, шүркіп кетті.
Әзілдім түк түсінбей,
Тіліменен түртіп кетті.
Сырты сылаң, іші ылаң,
Тіліменен түртіп кетті.
Ырышып түсіп, үркіп кетті, – деген екен.
Ой-өрісі бай емес, көркіне қылығы сай емес кісіге әзілі де абайлап айтқан жөн-ау. Әйтпес...

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ

www.facebook.com/syrboyi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылымды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақилы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 22871

Тапсырыс №738

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА